художественной системы анималистических образов в прозе О. Бокея и их интерпретации сквозь призму современных эко-гуманитарных теорий.

Ключевые слова: анималистический образ, Оралхан Бокей, мифопоэтика, экокритика, символ, экзистенциализм, казахская проза.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Жанузакова К.Т. Романтизм в прозе О. Бокея: автореф. дис.…канд. филол. наук. – Алматы, 1999. – 29 с.
2 Козбеков О.О. Поэтика прозы О. Бокея: автореф. дис.…канд. филол. наук. – Алматы, 1998. – 22 с.
3 Аймухамбетова Ж.А. Мифопоэтика: учебник. – Алматы: Evero, 2013. – 235 с.
4 Жалелова Г.Ж. Проблемы личности в прозе О. Бокея: автореф. дис.…канд. филол. наук. – Алматы, 1995. – 25 с.
5 Murray J. Using Critical Animal Studies to Read Climate Change Fiction: Literary Reflections and Provocations // Journal of Critical Animal Studies. – 2022. – Vol. 20(2). – pp. 45–61.
6 Fadhilla I., Aminullah Z.P., Wahyunengsih. Human-Animal Relationships from the Perspective of Deleuze–Guattari: Ecocriticism Approach to Short Stories in Kompas.id // Journal of Language and Literature Studies. – 2025. – Vol. 7(1). – pp. 88–101.
7 Warodell J.A. Rewilding Animal Studies: Biodiversity Bias in Modernist Fiction and Criticism // Literary Ecology Review. – 2025. – Vol. 11(3). – pp. 120–137.
8 Gigliotti C. The Creative Lives of Animals. – New York: NYU Press, 2022.
9 Broglio R. Animal Revolution. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 2022.
10 Faria C. Animal Ethics in the Wild. – London: Routledge, 2023.
11 Бокей О. Кербуга: рассказы и повести. – Алматы: Атамура, 2003. – 204 с.
12 Garrard G. Ecocriticism. 3rd ed. – London: Routledge, 2022.
13 DeMello M. Animals and Society: An Introduction to Human-Animal Studies. 2nd ed. – New York: Columbia University Press, 2021.
14 Haraway D. Staying with the Trouble: Making Kin in the Chthulucene. – Durham: Duke University Press, 2016.

Материал поступил в редакцию журнала 29.06.2026

МҒТАР 17.09.91 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp297-312

Г.Ж. Искакова[1], *Ә.Қ. Таңсықбай[1], Н.А. Кеңес[1], Г.С. Райнбекова[2]
[1]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан
[2]А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, 020000, Қазақстан

ИРОНИЯНЫҢ КОМИКСТЕ ВЕРБАЛДЫ ЖӘНЕ ВИЗУАЛДЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақалада иронияның комикстерде вербалды және визуалды репрезентациясы қарастырылады. Зерттеу «Адамтас» атты веб-комикстің алғашқы шығарылымы негізінде жүргізілді. Комикс мәтініндегі ирониялық мағынаның қалыптасу тетіктерін анықтау, вербалды және визуалды кодтардың өзара әрекеттесуін талдау, оқырман тарапынан иронияны қабылдауға ықпал ететін негізгі белгілерді сипаттау мақсат етілді. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы иронияны дәстүрлі стилистикалық троп шеңберінен шығарып, мультимодалды, поликодты мәтін аясында қарастыруымен айқындалады. Практикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелері қазақ комикстерін, графикалық мәтіндерді, визуалды

ISSN 2788-7979 (online)

нарративтерді және заманауи әдеби-коммуникативтік формаларды талдауда қолданылуы мүмкін.

Зерттеу барысында сипаттамалы, контекстуалды, прагматикалық және мультимодалды талдау әдістері қолданылды. Талдау бірлігі ретінде жекелеген кадр, кадрлар тізбегі және аяқталған сюжеттік эпизод алынды. Ирониялық механизмдердің қабылдануын нақтылау мақсатында 20-35 жас аралығындағы 15 респондент қатысқан пилоттық сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері ирониялық әсердің көбіне мәтін мен суреттің мағыналық қайшылығы, кейіпкер сөзі мен жағдаяттың сәйкес келмеуі, қате интерпретация, сарказмдық қайталау, перспективалық ирония, мимика, өлшем контрастылығы, кадр композициясы және чиби-деформация арқылы жасалатынын көрсетті. Респонденттер 33 беттің 27-сінен юморлық, 24 бетінен ирониялық элементтерді анықтаған. Бұл иронияның аталған шығармада жүйелі көркемдік қызмет атқаратынын білдіреді.

Зерттеу қазақ комикстеріндегі иронияның әлемдік комикс дискурсына тән мультимодалды тәсілдермен сабақтас екенін және ұлттық мифологиялық, мәдени кодтармен ұштаса отырып, көпқабатты мағыналық құрылым түзетінін көрсетеді. Жұмыс нәтижелері комиксті лингвосемиотикалық, дискурстық және рецептивтік тұрғыдан зерттеуге үлес қосады.

Кілт сөздер: ирония, комикс, мультимодалдылық, поликодты мәтін, визуалды репрезентация, вербалды код, «Адамтас», қазақ комикстері, чиби-деформация, лингвосемиотика, оқыту алгоритмі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ирония феномені стилистика, прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика және коммуникация теориясы салаларында белсенді зерттеліп келеді. Ирония тілдік таңбаның формасы мен мағынаның арасындағы алшақтықпен дараланады. Э. Ганстың сөзінше, таңба референтпен материалдық ұқсастыққа ие емес және өзінің формальды құрылымын өзінше «деконструкциялау» қабілетіне ие [1, 45, 55]. Соның нәтижесінде тілдік бірліктер тура мағынасына қарама-қарсы мәнге ие болып, ирониялық мағынаның қалыптасуына негіз болады. Қазіргі тіл білімінде ирония шындықты сындарлы эмоционалды-бағалау тұрғысынан игерудің бір формасы (С.И. Походня), субъектінің болмысқа қатынасының көрінісі (О.Я. Палкевич), әлемге эстетикалық қатынастың екінші деңгейлі формасы (Ю.Н. Мухина), сондай-ақ автордың бейнеленетін оқиғаларды интерпретациялау тәсілі (Т.В. Чернышова) ретінде қарастырылады.

Дәстүрлі тіл білімінде ирония сөздің тура мағынасына қарама-қарсы мағынада қолданылуына негізделген стилистикалық троп ретінде түсіндіріліп келді. Мұндай көзқарасты М. Н. Кожина, И. Р. Гальперин т.б. ұстанды.

Қазақ ғылыми дәстүрінде ирония сөздің тура және астарлы мағыналарының қарама-қайшылығына негізделетін стилистикалық тәсіл ғана емес, бағалауыштық, эстетикалық және дүниетанымдық сипаттарға ие күрделі категория ретінде қарастырылады. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде А. Байтұрсынұлы кекесінді сөздің сыртқы мағынасы мен астарлы ішкі мағынасының қарама-қайшылығынан туындайтын құбылыс ретінде анықтайды. Ғалым кекесіннің:

1. Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың, әзіл);

2. Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа) деген түрлерін көрсетеді [2, 176].

Қ. Жұмалиев иронияны сырттай жағымды баға беру арқылы объектіні келемеждеу тәсілі ретінде қарастырады. Ғалымның есептеуінше, айтылымның сыртқы құрылымы мақұлдауды білдіргенімен, ішкі мағынасы оған қарама-қарсы келіп, нысанды әжуалауға қызмет етеді [3, 79-80].

З. Ахметовтың көрсетуінше, ирония – кекесін сөзді тура мағынасында қолданғандай көрінгенімен, оған қарама-қарсы мән жүктеу арқылы ойды астарлап жеткізудің тәсілі [4, 109].

ISSN 2788-7979 (online)

Бұл ретте ирониялық мағына айтылымның интонациялық ерекшелігі, контекстік байланыстары және ой желісі арқылы айқындалады. Демек, кекесінді түсіну үшін тек тілдік бірліктердің мағынасы жеткіліксіз, оны қалыптастыратын контекст пен коммуникативтік жағдайды да ескеру қажет.

Қазіргі кезеңдегі зерттеулер иронияны мультимодалды құбылыс ретінде қарастырумен ерекшеленеді. Л. Хатчеон ирония белгілі бір интерпретациялық қауымдастық аясында қалыптасатын эксплицитті және имплицитті мағыналардың арақатынасы ретінде анықтайды [5, 10-12]. Л. Эллестрём бұл қағиданы әртүрлі таңбалық жүйелерге таратып, визуалды ирониядағы да барын көрсетеді [6, 29-35]. Дж. Макдауэлл болса, поликодты туындылардағы ирониялық әсердің вербалды, визуалды және нарративтік компоненттердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болатынын көрсетеді [7, 21-24]. Осыған байланысты ирония жекелеген тілдік таңбаның қасиеті ретінде емес, бірнеше семиотикалық кодтардың өзара ықпалының нәтижесі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл тұжырым, әсіресе, комикстер мен өзге де мультимодалды мәтіндерді талдауда ерекше маңызға ие.

КІРІСПЕ

Ирония тілдік жүйенің бірнеше деңгейінде жүзеге асады және оны өзектендіретін құралдарды зерттеуде кешенді тәсілді қажет етеді. Л. Р. Сардалова мен Е. В. Федоровичтің көрсетуінше, ирониялық мағына лексика-семантикалық және логика-семантикалық тетіктер арқылы қалыптасып, антифразис пен гиперболадан бастап риторикалық сұрақ пен тілдік ойынға дейінгі алуан түрлі құралдар арқылы беріледі [8, 117].

Ирония түрлерін жіктеудегі негізгі белгілердің бірі – оның айтылымдағы орналасуы. Сөз деңгейінде шоғырланған ирония О. П. Ермакова бойынша *вербалды*, С. И. Походня бойынша *жағдаяттық* (ситуативная), ал О. Г. Петрова бойынша *стилистикалық ирония* деп аталады. Жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің шегінен шығып, тұтас мәтін деңгейінде көрінетін ирония О. П. Ермаковада *мәтіндік*, О. Г. Петровада *концептуалдық*, С. И. Походняда *ассоциативтік*, Ю. В. Каменскаяда *мәтінтүзуші* (текстообразующая) *ирония* ретінде қарастырылады. Ирония бұл түрі лексикалық, синтаксистік, сөзжасамдық және басқа да тілдік құралдар арқылы жүзеге асады.

С. И. Походня ирония жасалуына лексикалық деңгейден бастап мәтіндік деңгейге дейінгі тілдің барлық деңгейлеріндегі құралдар қатысатынын атап көрсетеді. Ирония жүзеге асыратын негізгі құралдарға *қайталауды* (құрылымдық, синонимдік, жағдаяттық, перифрастикалық және т.б.), *дәйексөз келтіруді* (диалогтік дәйексөз, авторлық дәйексөз, төл-төлеу сөз, аллюзиялар), *ирониялық түсіндірмелерді, сөйлеу стильдерінің араласуын* және *пародияны* жатқызады. Ғалым ассоциативтік ирония дәл декодтау үшін мәтіндік, экстралингвистикалық және интермәтіндік пресуппозицияларды ескеру қажет екенін ерекше атап көрсетеді.

Ю. В. Каменская [9] контекстуалды ирония жүзеге асыратын құралдарды лексика-семантикалық, құрылымдық және стилистикалық белгілеріне қарай жіктейді. Лексика-семантикалық құралдарға *антифразис, сөз ойыны* (каламбур) және *себеп-салдарлық байланысты имитациялау* жатады. Ирония құрылымдық құралдары синтаксистік құрылымдардың транспозициясы, синтаксистік конвергенциялар және қыстырма конструкциялар арқылы көрінеді. Зерттеушінің еңбегінде ирония жүзеге асырудың негізгі стилистикалық құралы ретінде *стилистикалық парадокс* қарастырылады. Ю. В. Каменская *интермәтіндік кіріктірулер* мен *ремаркаларды* контекстуалды ирония білдірудің ерекше құралдары ретінде бөліп көрсетеді.

О. П. Ермакова [10] *мәтінге модальдылық енгізу, абсурдты ақиқат ретінде ұсыну, жалған теріс тану, ирониялық салыстыру, мадақтау, өкініш білдіру, жағымды белгіні әсіреле у* мен *жағымсыз белгіні кемітіп көрсету, ирониялық метафоралар*, сондай-ақ *бейхабарлық категориясы* (категория неопределенности) сияқты ирония жүзеге асыру тәсілдерін айқындаған. Монологтік сөйлеу мен диалогтік қарым-қатынас деңгейіндегі ирониялық

ISSN 2788-7979 (online)

айтылымдарды жан-жақты зерттей келе, ирониянның көпмағыналылықты тудыратын өзіндік механизм ретінде қызмет ететінін тұжырымдайды. Зерттеушінің пікірінше, ирония троптардың барлық түрлерімен өзара әрекеттесуге қабілетті. Мұндай ықпалдастық нәтижесінде ирониялық мағынамен жаңаша семантикаланған жаңа тілдік құрылымдар қалыптасады.

И. Б. Шатуновскийдің тұжырымдамасына сәйкес, иронияны тануда арнайы сигналдардың рөлі маңызды. Зерттеуші оларды *формалды* және *семантикалық сигналдар* деп екіге бөледі. Формалды сигналдарға *интонация, жымию, мысқылды күлкі, кекесінді жымиыс* сияқты паралингвистикалық құралдар жатса, семантикалық маркерлерге *айтылым мазмұнының жорта жалғандығы* мен *ауытқушылығын* жатқызады [11, 341]. Ғалымның бөліп көрсеткен паралингвистикалық белгілерді ирониянның вербалды және визуалды репрезентацияларының арасындағы өтпелі аймақ ретінде қарастыруға болады. Күлімсіреу, мысқылды жымию, бет-әлпеттегі эмоция, көзқарастың бағыты, ым-ишара мен мимика сияқты көзбен қабылданатын элементтер адресатқа тура және астарлы мағыналардың арасындағы алшақтықты аңғартатын маркерлер қызметін атқарады.

Визуалды қатарлардың параллелизмі, контекстіні бұзу, күнделікті өмір парадокстары, бейнелердің контрастылығы, нарративтік ойын мен жанрлық клишелерді ыдырату, мағыналардың көпқабаттылығы, баяндаудың фрагментарлығы және ретроспективалық перспектива – әсіресе фильмдерде иронияны білдіруші тәсілдер. Ирония әртүрлі мағыналық жоспарлардың қақтығысы нәтижесінде туындайды: бейбіт тұрмыстық көріністер ядролық апат кадрларымен қатар қойылады, оптимистік музыкалық сүйемелдеу қирау көріністерімен қарама-қайшылыққа түседі, ал ресми үгіт-насихат ұстанымдары шындықтың визуалды репрезентациясымен сәйкес келмейді. Негізінде, мұнда иронизацияның дәстүрлі тілдік тәсілдерінің визуалды баламалары туралы сөз болып отыр. Мәселен, бейне мен дыбыстық сүйемелдеудің контрастылығы қызметтік жағынан антифразиске, кадрлар параллелизмі антитезаға, ал жанрлық клишелермен ойын мен мағыналардың көпқабаттылығы интермәтіндік ирониға сәйкес келеді. Ирониялық әсер жеке бір бейненің нәтижесінде емес, бірнеше репрезентациялық модустардың өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасады. Осылайша, визуалды ирония әртүрлі семиотикалық кодтар арасындағы мағыналық қайшылыққа негізделген күрделі мультимодалды феномен ретінде көрінеді. Бұл аталған тәсілді комикстер мен графикалық романдарды талдауға да қолдануға мүмкіндік береді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу материалы ретінде кәсіби иллюстратор, комиксші З. Асқар 2023-2025 жылдары аралығында дайындаған 21 шығарылымнан тұратын «Адамтас» веб-комиксінің алғашқы шығарылымы алынды [12]. Шығарманың сюжеті қазақ мифологиясына, ертегі мотивтеріне, фольклорлық образдарға негізделген. Комикс сюжеті өз шығу тегі мен өткен өмірін ұмытқан Аманның болмысын тану жолындағы сапарына негізделген. Осы жолда оған от сиқырын меңгерген түнгі аңшылар тайпасының өкілі Бөкей серік болады. Әртүрлі мифологиялық жаратылыстар мен рухтарға тап болған кейіпкерлер алғашқы тарауда хамелеон халқының ауылына қауіп төндірген айдahар рухымен бетпе-бет келеді. Кейіпкерлердің саяхаты барысында олардың өткен құпиялары біртіндеп ашылып, қазақ мифологиясы мен фольклорлық дүниетанымына негізделген қиял-ғажайып әлемнің ерекшеліктері танылады.

Зерттеудің шектеуі ретінде материалдың көлемін атауға болады. Зерттеу тек «Адамтас» веб-комиксінің алғашқы шығарылымы негізінде жүргізілді. Толық серия 21 шығарылымнан тұрады, сондықтан алынған нәтижелер нақты шығарма аясында қарастырылды. Яғни қазақ комикстерінің бүкіл корпусына жалпылау шектеулі. Алдағы зерттеулерде «Адамтастың» кейінгі бөлімдерін және басқа қазақ комикстерін салыстырмалы тұрғыдан қарастыру қажет деп санаймыз.

«Адамтас» комиксінде анықталған ирония механизмдері, жалпы алғанда, шетелдік комикстер мен графикалық романдарға арналған зерттеулерде сипатталған тәсілдермен сәйкес

ISSN 2788-7979 (online)

келеді. Алайда оларды өзге мәдени дәстүрлерге жататын шығармалармен тікелей салыстырудың жүргізілмеуі бұл стратегиялардың *әмбебап сипаты* туралы біржақты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Болжамды тексеру үшін жапон мангасы, американдық комикстер, еуропалық bandes dessinées және корей вебтундары материалдары негізінде салыстырып зерттеген жөн. Бұл да – алда атқарылатын зерттеу жұмыстарының бірі.

Зерттеудің теориялық негізін ирониянның табиғаты мен оны жүзеге асыру тәсілдеріне арналған еңбектер құрайды. Ирониянның тілдік механизмдерін талдау барысында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, И. Р. Гальперин, М. Н. Кожина, О. П. Ермакова, С. И. Походня, Ю. В. Каменская және И. Б. Шатуновскийдің тұжырымдары пайдаланылды. Ирониянның поликодты табиғатын зерттеу Л. Хатчеон, Л. Эллестрём, Дж. Макдауэлл және С. Троянова ұсынған, ирониялық әртүрлі семиотикалық кодтардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастыратын концепцияларға сүйенді.

Ирониялық механизмдердің оқырман тарапынан қабылдануын нақтылау мақсатында қазақ тілін еркін меңгерген және бұған дейін комикс мазмұнымен таныс емес 20–35 жас аралығындағы 15 респонденттің қатысуымен пилоттық сауалнама жүргізілді. Барлық қатысушыларға жалпы көлемі 36 беттен тұратын «Адамтас» веб-комиксінің бірінші шығарылымы ұсынылды. Оның негізгі мазмұны 33 бетті құрайды (қалған 3 бет – мұқаба және қосымша беттер). Оқып болғаннан кейін қатысушыларға төмендегідей сұрақтарға жауап беру ұсынылды:

– Қай беттер немесе фрагменттер Сізге күлкілі, ирониялық немесе астарлы мысқылға құрылған болып көрінді?

– Осындай әсер қандай кейіпкерлерге немесе жағдаяттарға байланысты пайда болды?

– Комикалық әсер мәтіннің, суреттің немесе олардың өзара үйлесімінің нәтижесінде туды ма?

– Бұл әсер қандай сипатта болды (юмор, ирония, өзін-өзі әжуалау, сарказм, пародия, абсурд т.б.)?

– Эпизодтың ирониялық ретінде қабылдануына қандай визуалды детальдар (мимика, кейіпкерлер пішінінің әдейі бұрмалануы, кадр композициясы, өлшем контрастылығы т.б.) ықпал етті?

Рецептивті эксперименттің пилоттық сипатта болғанын ескерген жөн. Пайыздық көрсеткіштер ирониялық қабылдаудағы жалпы үрдістерді көрсетеді. Болашақта іріктеме көлемін ұлғайтып, әртүрлі жас және әлеуметтік топтарды қамту анықталған ирониялық интерпретация механизмдерінің тұрақтылығын нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде сипаттамалы, контекстуалды, прагматикалық және мультимодалды талдау әдістері қолданылды. Талдау бірлігі ретінде жекелеген кадр, кадрлар тізбегі және аяқталған сюжеттік эпизод алынды. Зерттеу бірнеше кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде вербалды компонент контекстуалды және прагматикалық тұрғыдан талданып, ирониялық қалыптастыратын лексика-семантикалық және прагматикалық құралдар – литота, гипербола, риторикалық сұрақ, ирониялық номинация, стилистикалық парадокс, бағалау асимметриясы және басқа да тәсілдер анықталды. Екінші кезеңде ирониялық репрезентациялаудың визуалды құралдары зерттелді. Үшінші кезеңде мультимодалды талдау арқылы вербалды және визуалды кодтардың өзара әрекеті қарастырылды. Әсіресе кейіпкердің сөзі мен графикалық бейнесі, айтылым мен бейнеленген жағдаят арасындағы сәйкессіздікке, сондай-ақ бірнеше семиотикалық жүйенің өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасатын ирониялық әсерге назар аударылды.

Алынған нәтижелерді алдын ала сипаттағы деректер ретінде қарастырған жөн, өйткені ирониялық эпизодтарды айқындау сапалық талдау негізінде жүргізіліп, зерттеушінің интерпретациясына және респонденттердің жауаптарына сүйенді. Зерттеу аясында сарапшылар арасындағы келісімділік (inter-rater reliability) арнайы тексерілмеді және келісім деңгейін бағалайтын статистикалық көрсеткіштер, соның ішінде Каппа Коэннің коэффициенті есептелмеді, сондықтан алынған нәтижелер ирониялық қабылдаудың жалпы үрдістерін көрсетеді.

ISSN 2788-7979 (online)

НӘТИЖЕЛЕР

Сауалнама нәтижелері комикстегі юмор мен ирония элементтерінің біркелкі орналаспағанын, алайда олардың баяндау материалының басым бөлігінде кездесетінін көрсетті. Атап айтқанда, респонденттер 33 беттің 27-сінде (81,8 %) юморлық немесе комикалық эпизодтарды белгілесе, ирониялық элементтер 24 беттен (72,7 %) анықталды. Сонымен қатар, 21 бетте (63,6 %) зерттеуге қатысушылар юмор мен ирониянның қатар кездесетінін атап өткен. Бұл аталған категориялардың шығарманың көркемдік құрылымында өзара тығыз байланыста екенін көрсетеді. Зерттеу аясында юмор, комизм және ирония категориялары өзара тығыз байланысты құбылыстар ретінде қарастырылды, дегенмен олардың арасында толық сәйкестік жоқ. Кез келген комикалық әсер ирониямен негізделе бермейді, сол сияқты ирония да әрдайым күлкі тудыра бермейді. Сол себепті болашақ зерттеулерде юмор, сарказм, өзін-өзі әжуалау, абсурд және пародия құбылыстарын арнайы прагматикалық критерийлер негізінде неғұрлым дәйекті түрде ажырату орынды болып көрінеді.

Пилоттық сауалнама нәтижелері респонденттердің басым бөлігі ирониялық әсердің жекелеген кодтардан емес, бірнеше семиотикалық модустың өзара әрекеттесуінен туындайтынын байқағанын көрсетті (1-диаграмма).



1-диаграмма. Ирониялық әсердің көзі.

Ирониялық мағынаны декодтауда визуалды маркерлердің рөлі ерекше болды. Сауалнама нәтижелері бойынша (2-диаграмма) барлық респонденттер кейіпкерлердің мимикасын ирониялық әсерді танудың негізгі сигналы ретінде атады. Қатысушылардың 86,7 %-ы кейіпкерлер мен нысандар арасындағы өлшем контрастылығына назар аударған. Мәселен, алып айдаһар мен оның жанындағы кішкентай кейіпкерлердің қатар берілуі немесе кейіпкердің өз сөздері мен нақты жағдайдың арасындағы диспропорция ирониялық әсерді күшейтеді.

ISSN 2788-7979 (online)



2-диаграмма. Иронияны қабылдауға ықпал еткен визуалды белгілер.

Респонденттердің 80 %-ы чиби-деформацияны ирониялық маңызды визуалды көрсеткіші ретінде белгілеген (мысалы 1-суретте).



1-сурет. «Адамтас» комиксінің 5-бетінен үзінді.

Жапон комикстері мен анимациясына тән бұл тәсіл кейіпкердің дене пропорцияларын әдейі бұрмалап, басын үлкейту, бойын қысқарту, бет әлпетін әсірелеу арқылы эмоцияны күшейтуге негізделеді. «Адамтас» комиксінде мұндай графикалық трансформация кейіпкерлердің қорқынышы, абыржуы немесе орынсыз сенімділігі сияқты күйлерін комикалық тұрғыдан бейнелеуге қызмет етеді. Ол, ең алдымен, эмоционалдық немесе комикалық регистрдің визуалды маркері ретінде қызмет етеді. Ирониялық әсер графикалық деформация вербалды мазмұнмен, контекспен немесе сюжеттің кейінгі дамуымен қарама-қайшылыққа түскен жағдайда ғана пайда болады. Демек, chibi-трансформация ирониялық әмбебап көрсеткіші емес, мультимодалды сигналдардың факультативті түрлерінің бірі болып табылады.

Сондай-ақ, респонденттердің 66,7 %-ы кадр композициясының, 60 %-ы кейіпкерлердің қимыл-қозғалысы мен позасының ирониялық мағынаны тануға ықпал еткенін атап өтті. Ал фондық детальдарға назар аударғандардың үлесі салыстырмалы түрде төмен болды (33,3 %).

Респонденттердің ирониялық негізделген бейнелер деп таныған үзінділерге бірнеше мысал келтірейік.

ISSN 2788-7979 (online)



2-сурет. «Адамтас» комиксінің 1-3 беттері.

15 респонденттің 14-і (93,3 %) шығарманың алғашқы үш бетінде (2-сурет) ирониялық мазмұнның бар екенін атап өтті. Зерттеуге қатысушылардың пікірінше, ирониялық әсер шытырман визуалды жағдаят пен баяндаудың сабырлы, бейтарап тоны арасындағы контраст арқылы жасалады.

Бірқатар зерттеулер контекст пен айтылым мазмұны арасындағы сәйкессіздік (С. Аттардо ұсынған «ирония факторы») иронияны дұрыс тануды қамтамасыз ететін ең күшті маркер болатынын көрсетті [13, 292]. Эпизодта ирониялық әсер вербалды және визуалды баяндау арасындағы қайшылық нәтижесінде туындайды. *Онда хикаяны басынан бастайық* деген реплика оқиғаны сабырлы түрде баяндауға тән қалыпты нарративтік формула ретінде беріледі, алайда осы сәтте визуалды қатар Аманның алып айдаһардың құрсауында қалғанын көрсетеді. Баяндаудың байсалды тоны мен бейнеленген өлім қаупі арасындағы контраст ирониялық әсер туғызады.

Айта кетерлігі, екі респондент басты кейіпкердің есімі – Аманға назар аударды. *Аман* сөзі «сау-саламат, есен-сау» мағынасында қолданылатындықтан, сауалнамаға қатысушылар мұнда өзіндік сөз ойынын байқаған. Олардың пікірінше, кейіпкердің үнемі өлім қаупі төнген жағдайларға тап болуы оның есімінің семантикасымен қарама-қайшылыққа түсіп, қосымша ирониялық әсер туғызады. Бөкей есімі де мифологиялық астарға ие болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Мифолог С. Қондыбай Махмұд Қашғаридің сөздігінде кездесетін *бүке* («айдаһар, жылан») атауын моңғол мифологиясындағы мога, могус, могой бейнелерімен, сондай-ақ қазақ тіліндегі *мөкей, бөкей* формаларымен салыстыра отырып, олардың ортақ мифологиялық түсініктер шеңберінен тарайтынын көрсетеді. Ғалымның топшылауынша, *бөкей* сөзі – «айдаһар» мағыналы көне түркілік атау [14, 311]. Осы тұрғыдан алғанда, комикстің алғашқы эпизодындағы Бөкей мен алып айдаһардың қақтығысы өзіндік ономастикалық ирония ретінде қабылдануы мүмкін.

Комикстің 1-бетіндегі Аманның сөзі мен бейнеленген оқиға арасындағы қайшылық та ирониялық әсердің қалыптасуына негіз болады. Аманның: *Менің есімім Аман, ал мына қасымдағы қорқақтап тұрған жігіт – Бөкей,* – деген сөзіне қарамастан, комикстегі сурет оның өзінің де үрейленіп тұрғанын көрсетеді. Оқырман Аманның да дәл сондай қауіпті жағдайда айдаһардан қашып бара жатқанын, мимикасы арқылы қорқып жатқанын көреді. Ирония Бөкейдің (қазақ тілінде *бөкей* деп ержүрек батырларды да атаған) қорқынышынан емес, Аманның өзін осы сипаттан тыс қоюынан туындайды. Басқаша айтқанда, ирониялық әсер кейіпкердің өз жағдайы мен серігіне берген бағасының арасындағы асимметрияға негізделген. Бұл ирониялық қабатқа 15 респонденттің 10-ы (66,7 %) назар аударды.

ISSN 2788-7979 (online)



3-сурет. «Адамтас» комиксінің 9-10 беттері.

15 респонденттің 14-і (93,3 %) 3-суретте берілген үзіндіні ирониялық эпизод ретінде белгілеген. Ирониялық әсер кейіпкерлердің жағдаятты қате интерпретациялауы мен кейіннен анықталатын шынайы жағдайдың арасындағы сәйкессіздікке негізделеді. Жыландардан қашып келе жатқан Аман мен Бөкей алыстан шаһар тұрғындарының қол бұлғағанын көріп, мұны қуана қарсы алу белгісі ретінде қабылдайды. Аман: *Олардың бізбен қалай амандасып жатқанын қарашы,* – дейді. 3 респондент артындағы жыландарға қарап, Аманның бұл сөзінен кейін күлімдеп «тезірек амандасайық» деген Бөкейдің репликасынан да ирониялық сарынды байқады.

Кейіпкерлер де, оқырман да бастапқы сәтте шулап, қол бұлғаған адамдардың қимылын достық, қонақжайлық ишарасы ретінде қабылдайды. Алайда көп ұзамай бұл ишараның шын мәнінде кейіпкерлерді ауылға жолатпауға бағытталғаны белгілі болады. Қала тұрғыны: *Сендер қандай қателік жасағандарыңды білесіңдер ме? Сендерге бұл жерге келуге болмайды,* – дейді. Ирониялық әсер бір визуалды белгінің әртүрлі интерпретациялануына негізделеді. Қол бұлғау бастапқыда қарсы алу белгісі ретінде қабылданса, кейінгі контекст оның ескерту қызметін атқарғанын көрсетеді. Нәтижесінде кейіпкерлердің жағдайды қате түсінуі кейінгі ақпарат арқылы жоққа шығарылып, ирония қалыптасады.



ISSN 2788-7979 (online)

4-сурет. «Адамтас» комиксінің 17-18 беттері.

Келесі үзіндіні (4-сурет) 15 респонденттің 13-і (86,7 %) ирониялық деп бағалады. Бұған дейін Бөкей жылан рухын жеңу «оп-оңай» болатынын айтып, тіпті болашақ сыйақыны ойлап үлгереді: *Оп-оңай болады деп айттым ғой! Енді рухты тез арада жеңсек....* Алайда келесі кадрда кейіпкерлердің алдында үлкен айдаһар пайда болады. Алып жаратылыс бүкіл кадрды алып, Аман мен Бөкей оның алдында өте кішкентай болып көрінеді. Осы жағдайда Аман *Тез арада дейсің бе?* – деп Бөкейді келемеждеп қайталайды. Мұнда ирония сарказм элементтерімен ұштасқан қайталама (echoic irony) арқылы жүзеге асады: кейіпкер өзгенің сөзін қайталау арқылы оның шындыққа сәйкес келмейтінін әшкерелейді. Ирониялық әсерді күшейтуде визуалды қатардың рөлі ерекше, өйткені алып айдаһардың көлемі Бөкейдің сөздерін бірден жоққа шығарып, Аманның саркастикалық репликасына қосымша мағына береді.



5-сурет. «Адамтас» комиксінің 22-23 беттері.

Респонденттер ирониялық деп таныған 5-суретте әртүрлі перспективалардың қақтығысы көрінеді. Аман мен Бөкей үшін алып жыланмен кездесу – өмір мен өлім мәселесі, бірақ көрермен балалар жайбарақат отырып, әңгімелесіп, тіпті қызық көріп отырғандай бейнеленген. *Сендер өздеріңді жыланмен шайқасуға аттанған алғашқы адамдармыз деп ойлап тұрсыңдар ма?* деген кекесін сөз айтады. Яғни ирониялық әсер оқиғаның маңызын әртүрлі бағалаудан туындайды. Сәйкессіздік перспективалық ирониялық қалыптастырып, батырлық пафосты комикалық тұрғыдан төмендетеді.

Зерттеу нәтижелері ирониялық комикстің жекелеген репликалары мен эпизодтарында ғана емес, бүкіл көркемдік құрылымында жүйелі түрде ұйымдастырылғанын көрсетті. Ирониялық әсердің негізінен вербалды және визуалды кодтардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасатыны анықталды. Ирониялық репрезентациялаудың негізгі тәсілдеріне вербалды және визуалды жоспарлардың қайшылығы, кейіпкерлердің субъективті бағасы мен объективті жағдайдың арасындағы қайшылық, контекст арқылы жоққа шығарылатын қате интерпретация, сарказмдық қайталау, перспективалық ирония жатады.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелері комикстегі ирониялық жекелеген вербалды немесе визуалды тәсілдің нәтижесі емес, бірнеше семиотикалық кодтардың өзара ықпалы арқылы қалыптасатын күрделі құбылыс екенін көрсетті. Кесте түрінде келесідей жүйелі көрсетуге болады (1-кесте).

1-кесте. Комиксте иронияны жүзеге асыру тәсілі

Иронияны жүзеге асыру тәсілі	Сипаттамасы
Вербалды	
Антифразис	Сөздің немесе айтылымның тура мағынасына қарама-қарсы астарлы мағынада қолданылуы.
Сарказмдық қайталау (echoic irony)	Бұрын айтылған пікірді немесе репликаны қайталау арқылы оның орынсыздығын немесе жалғандығын әшкерелеу.
Ирониялық номинация	Кейіпкерге немесе құбылысқа оның нақты қасиеттеріне қарама-қарсы атау беру.
Гипербола және литота	Белгінің әдейі әсіреленуі немесе кішірейтілуі арқылы ирониялық әсер қалыптастыру.
Риторикалық сұрақ	Жауап талап етпейтін сұрақ арқылы астарлы бағалау білдіру.
Қате интерпретация	Кейіпкердің немесе баяндаушының жағдаятты қате түсінуі кейінгі контекст арқылы жоққа шығарылады.
Стилистикалық парадокс	Бір-біріне үйлеспейтін мағыналардың немесе бағалаулардың қатар берілуі.
Визуалды	
Мимика	Кейіпкердің бет-әлпеті арқылы айтылған сөзге қайшы эмоцияның берілуі.
Ым-ишара және дене қалпы	Қимыл-қозғалыс пен позаның астарлы немесе қарама-қарсы мағына тудыруы.
Өлшем контрастылығы	Кейіпкерлер мен нысандар көлемінің әдейі қарама-қарсы қойылуы.
Кадр композициясы	Кадрдағы объектілердің орналасуы немесе ракурсы арқылы ирониялық мағына жасау.
Перспектива	Бір оқиғаның әртүрлі көзқарас арқылы берілуінен туған бағалау айырмашылығы.
Чиби-деформация	Кейіпкердің пропорцияларын әдейі өзгерту арқылы эмоциялық немесе комикалық реңк беру.
Визуалды контраст	Бейнелердің, түстердің немесе көріністердің қарама-қарсылығы арқылы астарлы мағына қалыптастыру.
Мультимодалды	
Вербалды және визуалды сәйкессіздік	Мәтін мен бейненің әртүрлі немесе қарама-қарсы ақпарат беруі нәтижесінде иронияның қалыптасуы.
Контекстуалдық қайшылық	Кейіпкер сөзі, визуалды қатар және кейінгі оқиға арасындағы мағыналық алшақтық.
Семиотикалық кодтардың өзара әрекеттесуі	Вербалды, визуалды және нарративтік элементтердің бірлесуі арқылы жаңа ирониялық мағынаның пайда болуы.
Күтудің бұзылуы	Оқырманның болжамы мәтін мен суреттің бірлескен әсерінен жоққа шығарылады.

Респонденттердің 73,3 %-ы ирониялық әсердің негізгі көзі ретінде мәтін мен суреттің өзара үйлесуін атады. Бұл нәтиже креолданған мәтін туралы тұжырымдамамен (Ю. А. Сорокин, Е. Ф. Тарасов), сондай-ақ вербалды және икондық компоненттердің «тоғысу кеңістігінде» жаңа мағына туындайтыны жөніндегі қағидамен (Е. Е. Анисимова) сәйкес келеді. Демек, комикстегі ирония – жеке компоненттердің қосындысы емес, олардың өзара әрекеттесуінен пайда болатын мультимодалды құбылыс.

Контекстуалды және прагматикалық талдау нәтижесінде ирониялық мағынаның негізгі тетіктерінің бірі ретінде сәйкессіздік принципі анықталды. Ирония көбіне кейіпкерлердің айтылымы мен нақты жағдайдың, субъективті бағалау мен объективті шындықтың, сондай-ақ бастапқы интерпретация мен кейінгі контекстің арасындағы қарама-қайшылық арқылы жүзеге асады. Мұндай нәтиже С. Аттардо көрсеткен «ирония факторының», Д. Уилсон мен Д. Спербердің контекстуалдық маркерлердің рөлі туралы тұжырымдарының комикс материалы негізінде де өзектілігін растайды.

ISSN 2788-7979 (online)

Респонденттердің барлығы дерлік кейіпкерлердің мимикасын иронияны танудың маңызды сигналы ретінде көрсетсе, олардың басым бөлігі өлшем контрастылығына, чиби-деформацияға және кадр композициясына назар аударған. Бұл И. Б. Шатуновский сипаттаған формалды сигналдардың комикс жанрындағы визуалды баламалары бар екенін көрсетеді. Комиксте интонация мен просодиканың қызметін мимика, дене пластикасы, композиция және графикалық деформация атқарады.

Чиби-деформацияның жоғары жиілікпен белгіленуі Э. Рефаи көрсеткендей, бейненің әдейі бұрмалануы оқырманға мазмұнды тура мағынада қабылдамау қажеттігін білдіретін риторикалық сигнал қызметін атқаратынын көрсетеді [15]. Алайда «Адамтас» материалдары көрсеткендей, мұндай деформация өздігінен ирония тудырмайды, ол тек вербалды немесе контекстуалдық компонентпен мағыналық қайшылыққа түскен жағдайда ғана ирониялық маркерге айналады.

Қазақ комикстеріндегі ирониялық механизмдер жалпы комикс дискурсына тән әмбебап сипатқа ие. «Адамтас» материалында анықталған вербалды және визуалды сәйкессіздік, саркастикалық қайталау, қате интерпретация, перспективалық ирония, кейіпкерлердің графикалық деформациясы, мимика мен өлшем контрастылығы сияқты тәсілдер шетелдік комикстер мен графикалық романдарда сипатталған ирониялық стратегиялардан елеулі айырмашылық көрсетпейді. Бұл аталған тәсілдердің қазақ тіліндегі материалда да толыққанды жүзеге асатынын және олардың оқырман тарапынан сәтті декодталатынын көрсетеді.

Респонденттердің көпшілігінің бірдей эпизодтарды ирониялық деп тануы ирониялық маркерлердің коммуникативтік тұрғыдан жеткілікті дәрежеде айқын екенін аңғартады. Яғни комикстегі иронияны қалыптастыру тетіктері белгілі бір ұлттық дәстүрмен шектелмей, поликодты мәтіндерге тән жалпы семиотикалық заңдылықтарға бағынады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ комикстерінде қолданылатын ирониялық стратегиялар әлемдік комикс мәдениетінде орныққан тәсілдермен функционалдық тұрғыдан сәйкес келеді. Әрине, жекелеген мәдени кодтар мен интермәтіндік ишаралар аудиторияның аялық біліміне тәуелді болғанымен, иронияны танудың негізгі когнитивтік және мультимодалды тетіктері, шамасы, тіл мен мәдениетке тәуелсіз тұрақты сипатқа ие.

ҚОРЫТЫНДЫ

Комикстегі ирония жекелеген тілдік троп немесе оқшауланған визуалды тәсіл деңгейінде шектелмейді. Ол әртүрлі семиотикалық кодтардың тоғысында қалыптасып, мағынаның бірнеше деңгейде қатар ұйымдастырылуына негізделеді. Ирониялық әсердің пайда болуында мәтін мен бейненің қарама-қайшылығы, баяндау перспективасының ауысуы, контекст арқылы жоққа шығарылатын күтулер, сондай-ақ кейіпкерлердің субъективті қабылдауы мен объективті жағдай арасындағы алшақтық маңызды рөл атқарады.

Комикс медиумының ерекшелігі иронияны тек жекелеген репликаларда ғана емес, кадр композициясы, масштаб, мимика, графикалық деформация, кадраралық байланыстар және баяндау құрылымы арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде ирония вербалды және визуалды жоспарлардың бірін-бірі толықтыруы, нақтылауы немесе жоққа шығаруы арқылы қалыптасатын динамикалық құбылыс ретінде көрінеді.

Иронияны түсіну адресаттың тек тілдік бірліктерді тануына ғана емес, визуалды белгілерді, жанрлық конвенцияларды, мәдени кодтарды және контекстік байланыстарды біртұтас қабылдай алуына да тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, комикс мағына жасаудың ерекше когнитивтік кеңістігін құрайтын поликодты дискурс ретінде сипатталады.

Қазақ комикстеріндегі ирония ұлттық мәдени жадымен, мифологиялық бейнелермен және заманауи визуалды дәстүрлермен ұштаса отырып, көпқабатты мағыналық құрылым қалыптастырады. Сол себепті иронияны тек стилистикалық категория ретінде емес, әртүрлі семиотикалық жүйелердің өзара әрекеттесуінен туындайтын лингвосемиотикалық және дискурстық феномен ретінде қарастыру орынды.

ISSN 2788-7979 (online)

Осы зерттеудің сапалық сипаты болашақта мультимодалды корпустық лингвистика, эксперименттік прагматика, айтрекинг және визуалды маркерлерді автоматты түрде тану әдістерімен толықтырылуы мүмкін. Мұндай тәсілдерді қолдану жекелеген мысалдарды сипаттау деңгейінен поликодты мәтіндердегі иронияны репрезентациялау механизмдерін статистикалық тұрғыдан негізделген модельдеуге көшуге мүмкіндік береді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан 2025-2027 ж. қаржыландырылатын AP27511079 «Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары: көркем мәтіндерді бейімдеу қағидаттары және танымдық комикстер құрастыру әдіснамасын зерттеу» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде дайындалды.

ChatGPT құралы мақаланы дайындаудың библиографиялық рәсімдеу кезеңінде, пайдаланылған әдебиеттер тізімін талап етілген форматқа автоматты түрде келтіру үшін қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Gans E. Signs of Paradox. – Stanford, California: Stanford University Press, 1997. – P. 13-74.
2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3 Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Т. 15: Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. Әдебиет теориясы (1960–1970 жж.). – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 409 б.
4 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
5 Hutcheon L. Irony's Edge: The Theory and Politics of Irony. – London; New York: Routledge, 1994. – VII, 248 p.
6 Elleström L. Divine Madness: On Interpreting Literature, Music, and the Visual Arts Ironically. – Lewisburg: Bucknell University Press, 2002. – 356 p.
7 MacDowell J. Irony in Film. – London: Palgrave Macmillan, 2016. – 220 p.
8 Сардалова Л. Р., Федорович Е. В. Классификация средств репрезентации иронии в художественном тексте // Гуманитарные и социальные науки. – 2021. – Т. 88, № 5. – С. 116-120.
9 Каменская Ю. В. Ирония как компонент идиостиля А. П. Чехова: дис. … канд. филол. наук: 10.02.19. – Саратов, 2001. – 156 с.
10 Ермакова О. П. Ирония и ее роль в жизни языка: учеб. пособие. – 2-е изд., стер. – Москва: Флинта, 2011. – URL: http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=3849575 (қаралған күні: 25.04.2026).
11 Шатуновский И. Б. Ирония и ее виды // Логический анализ языка. Языковые механизмы комизма / отв. ред. Н. Д. Арутюнова. – Москва: Индрик, 2007. – С. 340-372.
12 Асқар З. Adamtas / Адамтас. – Алматы: Tasqyn Studio, 2023. – 36 б.
13 Giustolisi B., Panzeri F. The role of visual cues in detecting irony // Proceedings of Sinn und Bedeutung 25 / ed. by P. G. Grosz, L. Martí, H. Pearson, Y. Sudo, S. Zobel. – London: University College London; Queen Mary University of London, 2021. – P. 292-306.
14 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – 3-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 б.
15 El Refaie N. Autobiographical Comics: Life Writing in Pictures. – Jackson: University Press of Mississippi, 2012. – 288 p.

Материал 28.06.2026 баспаға түсті

ISSN 2788-7979 (online)

Вербальная и визуальная репрезентация иронии в комиксе

Г.Ж. Искакова[1], *А.К. Тансыкбай[1], Н.А. Кенес[1], Г.С. Райнбекова[2]
[1]Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан
[2]Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, 010000, Казахстан

В статье рассматривается вербальная и визуальная репрезентация иронии в казахских комиксах на материале первого выпуска веб-комикса «Адамтас». Цель исследования заключается в выявлении механизмов формирования иронического смысла в комиксе, анализе взаимодействия вербального и визуального кодов, а также описании основных признаков, влияющих на восприятие иронии читателями. Научная значимость работы определяется рассмотрением иронии не только как традиционного стилистического тропа, но и как явления мультимодального и поликодового текста. Практическая значимость исследования заключается в возможности использования полученных результатов при анализе казахских комиксов, графических текстов, визуальных нарративов и современных литературно-коммуникативных форм.

В ходе исследования применялись описательный, контекстуальный, прагматический и мультимодальный методы анализа. В качестве единицы анализа рассматривались отдельный кадр, последовательность кадров и завершённый сюжетный эпизод. Для уточнения особенностей восприятия иронических механизмов был проведён пилотный опрос с участием 15 респондентов в возрасте 20-35 лет. Результаты исследования показали, что иронический эффект преимущественно формируется за счёт смыслового несоответствия текста и изображения, противоречия между высказыванием персонажа и объективной ситуацией, ошибочной интерпретации, саркастического повтора, перспективной иронии, а также использования мимики, контраста размеров, композиции кадра и chibi-деформации. Респонденты выявили юмористические эпизоды на 27 из 33 страниц комикса, а иронические – на 24 страницах, что свидетельствует о системной художественной функции иронии в структуре произведения.

Исследование показывает, что ирония в казахских комиксах реализуется посредством мультимодальных приёмов, характерных для мирового комикс-дискурса, одновременно взаимодействуя с национальными мифологическими и культурными кодами и формируя многослойную смысловую структуру. Полученные результаты вносят вклад в лингвосемиотическое, дискурсивное и рецептивное изучение комиксов.

Ключевые слова: ирония, комикс, мультимодальность, поликодовый текст, визуальная репрезентация, вербальный код, «Адамтас», казахские комиксы, чиби-деформация, лингвосемиотика, *алгоритм обучения.*

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Gans E. Signs of Paradox. – Stanford, California: Stanford University Press, 1997. – P. 13-74.

2 Байтурсынов А. Литературоведение: исследование и стихи. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 с.

3 Классические исследования: многотомник. – Т. 15: К. Жумалиев, З. Кабдолов, З. Ахметов. Теория литературы (1960-1970 гг.). – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 409 с.

4 Словарь литературоведческих терминов / сост.: З. Ахметов, Т. Шанбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 с.

5 Hutcheon L. Irony's Edge: The Theory and Politics of Irony. – London; New York: Routledge, 1994. – VII, 248 p.

6 Ellestrцm L. Divine Madness: On Interpreting Literature, Music, and the Visual Arts Ironically. – Lewisburg: Bucknell University Press, 2002. – 356 p.

7 MacDowell J. Irony in Film. – London: Palgrave Macmillan, 2016. – 220 p.

ISSN 2788-7979 (online)
8 Сардалова Л. Р., Федорович Е. В. Классификация средств репрезентации иронии в художественном тексте // Гуманитарные и социальные науки. – 2021. – Т. 88, № 5. – С. 116-120.
9 Каменская Ю. В. Ирония как компонент идиостиля А. П. Чехова: дис. … канд. филол. наук: 10.02.19. – Саратов, 2001. – 156 с.
10 Ермакова О. П. Ирония и ее роль в жизни языка: учеб. пособие. – 2-е изд., стер. – Москва: Флинта, 2011. – URL: http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=3849575 (дата обращения: 25.04.2026).
11 Шатуновский И. Б. Ирония и ее виды // Логический анализ языка. Языковые механизмы комизма / отв. ред. Н. Д. Арутюнова. – Москва: Индрик, 2007. – С. 340-372.
12 Аскар З. Adamtas / Адамтас. – Алматы: Tasqyn Studio, 2023. – 36 б.
13 Giustolisi B., Panzeri F. The role of visual cues in detecting irony // Proceedings of Sinn und Bedeutung 25 / ed. by P. G. Grosz, L. Martí, H. Pearson, Y. Sudo, S. Zobel. – London: University College London; Queen Mary University of London, 2021. – P. 292-306.
14 Кондыбай С. Древнеказахская мифология. – Кн. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 с.
15 El Refaie N. Autobiographical Comics: Life Writing in Pictures. – Jackson: University Press of Mississippi, 2012. – 288 p.

Материал поступил в редакцию журнала 28.06.2026

Verbal and Visual Representation of Irony in Comics

G. Iskakova[1], *A. Tangsykbay[1], N. Kenges[1], G. Rainbekova[2]
[1]Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Kazakhstan
[2] A. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, 010000, Kazakhstan

This article examines the verbal and visual representation of irony in Kazakh comics based on the first issue of the Adamtas webcomic. The study aims to identify the mechanisms underlying the construction of ironic meaning in comics, analyze the interaction between verbal and visual codes, and describe the principal features influencing readers' perception of irony. The scientific significance of the study lies in approaching irony not merely as a traditional stylistic trope but as a phenomenon of multimodal and polycode discourse. The practical significance of the research is associated with the applicability of its findings to the analysis of Kazakh comics, graphic texts, visual narratives, and contemporary literary and communicative forms.

The study employs descriptive, contextual, pragmatic, and multimodal methods of analysis. Individual panels, sequences of panels, and complete narrative episodes were used as the units of analysis. To further examine readers' perception of ironic mechanisms, a pilot survey involving 15 respondents aged 20-35 was conducted. The findings demonstrate that ironic effects are primarily generated through semantic incongruity between text and image, discrepancies between characters' utterances and the objective situation, misinterpretation, sarcastic repetition, perspectival irony, as well as the use of facial expressions, size contrast, panel composition, and chibi deformation. The respondents identified humorous episodes on 27 of the 33 comic pages and ironic episodes on 24 pages, indicating that irony performs a systematic artistic function within the narrative structure.

The study demonstrates that irony in Kazakh comics is realized through multimodal strategies characteristic of global comic discourse while simultaneously interacting with national mythological and cultural codes to construct a multilayered semantic structure. The findings contribute to the linguosemiotic, discourse-oriented, and reader-response study of comics.

Key words: irony, comics, multimodality, polycode text, visual representation, verbal code, Adamtas, Kazakh comics, chibi deformation, linguosemiotics, learning algorithm.

REFERENCES

1 Gans, E. (1997), Signs of Paradox, Stanford University Press, Stanford, California, USA.
2 Baitursynov, A. (2003), Adebiet tanytqysh: zertteu men olender [Literary Studies: Research and Poems], Atamura, Almaty, Kazakhstan.
3 Zhumaliev, K., Kabdolov, Z. and Akhmetov, Z. (2013), Adebiet teoriyasy (1960–1970 zhzh.) [Theory of Literature (1960–1970)], Vol. 15 of Klassikalyq zertteuler [Classical Studies], Adebiet Alemi, Almaty, Kazakhstan.
4 Akhmetov, Z. and Shanbaev, T. (eds.) (1996), Adebiettanu termderinin sozdigi [Dictionary of Literary Terms], Ana tili, Almaty, Kazakhstan.
5 Hutcheon, L. (1994), Irony's Edge: The Theory and Politics of Irony, Routledge, London, UK; New York, USA.
6 Elleström, L. (2002), Divine Madness: On Interpreting Literature, Music, and the Visual Arts Ironically, Bucknell University Press, Lewisburg, USA.
7 MacDowell, J. (2016), Irony in Film, Palgrave Macmillan, London, UK.
8 Sardalova, L.R. and Fedorovich, E.V. (2021), “Klassifikatsiya sredstv reprezentatsii ironii v khudozhestvennom tekste” [Classification of Means of Representing Irony in Literary Text], Gumanitarnye i sotsial'nye nauki [Humanities and Social Sciences], vol. 88, no. 5, pp. 116–120. [in Russian].
9 Kamenskaya, Yu.V. (2001), Ironiya kak komponent idiostilya A.P. Chekhova [Irony as a Component of A.P. Chekhov's Idiostyle], Ph.D. Thesis, Saratov, Russia.
10 Ermakova, O.P. (2011), Ironiya i ee rol' v zhizni yazyka [Irony and Its Role in the Life of Language], 2nd ed., Flinta, Moscow, Russia, available at: http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=3849575 (Accessed 25 April 2026). [in Russian].
11 Shatunovskii, I.B. (2007), “Ironiya i ee vidy” [Irony and Its Types], in Arutyunova, N.D. (ed.), Logicheskii analiz yazyka. Yazykovye mekhanizmy komizma [Logical Analysis of Language. Linguistic Mechanisms of Comic Effect], Indrik, Moscow, Russia, pp. 340–372.
12 Askar, Z. (2023), Adamtas, Tasqyn Studio, Almaty, Kazakhstan.
13 Giustolisi, B. and Panzeri, F. (2021), “The Role of Visual Cues in Detecting Irony”, in Grosz, P.G., Martí, L., Pearson, H., Sudo, Y. and Zobel, S. (eds.), Proceedings of Sinn und Bedeutung 25, University College London; Queen Mary University of London, London, UK, pp. 292–306.
14 Kondybai, S. (2004), Argyqazaq mifologiyasy [Proto-Kazakh Mythology], Vol. 3, Daik-Press, Almaty, Kazakhstan.
15 El Refaie, N. (2012), Autobiographical Comics: Life Writing in Pictures, University Press of Mississippi, Jackson, USA.

Received: 28.06.2026